



Қайсар Әлім

АЛАШШЫЛ
ЖҮРЕК

Қайсар Әлім

АЛАШШЫЛ ЖҮРЕК

Тәуелсіздік толғауы

FOLIANT
БАСПАСЫ
Астана-2011

УДК 070
ББК 76.01
Ә 55

Ә 55 **Әлім Қайсар**
Алашшыл жүрек (Тәуелсіздік толғауы). – Астана: Фолиант,
2011 ж., – 392 б.

ISBN 978-601-292-366-7

Жазушы Қайсар Әлімнің бұл кітабында еліміз Тәуелсіздігінің 20 жылындағы саяси, әлеуметтік-экономикалық және рухани саладағы жаппай өрлеудің маңызды белестері әр қырынан бедерлі бейнеленген. Тәуелсіздіктің қадір-қасиетін ұлықтау, оны нығайтып, мәңгілік тұрлаулы етудің тиімді жолдары адам ойымен, іс-қимылымен астастырыла өрілген. Адам. Қоғам. Заман: гүлденуі Тәуелсіз Қазақстанның асқаралы асуларға еркін самғауының кепілі екені көркемдікпен пайымдалып, дәйектеледі.

Алаш арыстары аңсаған тәуелсіздікті баянды етудің жарқын үлгілері, ата-баба өсиетіне адалдық, отансүйгіштік қасиет иірімдері жүрек қылын қозғап, сезім тербейді.

УДК 070
ББК 76.01

ISBN 978-601-292-366-7

© Әлім Қ., 2011
© «Фолиант» баспасы, 2011

АЛАШ АЙМАҢДАЙЫН АРДАҚТАҒАН

Алғысөз орнына

*«Қайсар бауырым!
Сіздің жай журналист емес,
журналист-жазушы болуыңызға
шын жүректен тілектеспін...
Сол үмітімді ол ақтады».*

*Әзілхан НҰРШАЙЫҚОВ,
Қазақстанның халық жазушысы*

Осы мақаланы жазар алдында тарлан талант – өлең өрнегінің өрен де ерен майталман жүйрігі, ақық жырдың ақиығы Сырағаңның – Сырбай Мәуленовтің «Мен газет перзентімін» деген сөзі де есіме оралған еді. Бұл пікірді тегін айтып отырған жоқпын. Қазақ баспасөзі ізашарларының бірі де бірегейі Мұхамеджан Сералин шаңырағын көтерген бір кездегі «Большевиктік жолда» (Қостанайда) сол Сырағаң да соғыстан кейін газеттегі алғашқы қадамын бастап, бас редактордың орынбасары қызметін атқарған еді. Біз де сол киелі шаңырақтың шапағатын көрген ұрпақпыз. Ал, Қайсар, сен сол газеттің «Коммунизм таңы» атанған тұсында табалдырығын аттадың. Одан кейінгі өмір жолында қазақ баспасөзінің қарашаңырағы «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің Торғай облысы бойынша меншікті тілшісі болып, енді сол газеттің аппаратында 2000 жылдан бері табан аудармастан тәлім алып, тәжірибе жинақтадың, абырой-атаққа бөлендің. Осы жылдары сен өмір көрдің, республиканың тұс-тұсын, Қостанай мен Торғай дала-сын шарлай аралап, талай замандастарыңның ерлік ісін, еңбектегі

ерен табыстарын, айтулы адамдардың өнегелі өмір жолын тірнектей жинап, талай очерктерің мен деректі хикаяттарына желі еттің.

Әйгілі орыс жазушысы Константин Симонов өткен ғасырдың 50-60-жылдардағы газет тапсырмасымен орындаған жол-жөнекей очерктерін, репортаждары мен хаттарын топтастырып жарыққа шығарған кітабын «Мен журналист болып қаламын» деп атаған еді. Ол сондықтан да: «Это самоощущение остается для меня и сейчас, на шестом десятке, таким же важным, каким было в молодости. А насколько оно верно, пусть судит читатель», — деп жазған ойының, Қайсар, сенің алпыстың асқарынан асқан шағындағы шығармашылық жолыңа да әбден қатысы бар ғой деп ойлаймын.

Осы орайда журналист-жазушы ретінде сен өз жанрынды тапқан қаламгерсің. Сенің осы кезеңде жарық көрген 8 томдық шығармалар жинақтарыңда әдебиеттің толып жатқан жанрына қалам тартып, үлкенді-кішілі туындыларыңның оқырмандарға айтар тақырып ауқымы кеңі түсті. Әсіресе көркем очерктерің мен қызық оқиғалы хикаяттарыңның, әңгіме-новеллаларыңның, соның ішінде әдебиет теориясында эпистолярлық жанр деп аталатын хаттасу немесе мемуарлық-хроника түріндегі шығармаларың мен күнделіктер беттеріндегі тартымды баяндарыңды әрбір оқушы қызыға, құнттап, құныға оқиды.

Әдебиетте, әсіресе соңғы кездері сирек қолданылатын эпистолярлық жанрдың өзіндік ерекшеліктері жазушының асқан шеберлігі мен ыждағаттылығын қажет ететіні тәжірибеден белгілі. Эпистолярлық әдебиет — (гректің *epistole* — жолдау, хат, хаттасу деген сөзінен шыққан) көпшілік оқырмандарға арналған, көркем не публицистикалық проза ретінде ойға алынған жанр. Оның тарихы сонау көне замандардан басталып, кешегі кеңестік дәуірдегі орыс әдебиетінің мол қорында өзінің айқын көрінісін тапты. Бұл ретте XIX ғасырдағы А.С. Пушкиннің («Хаттасулар романы», «Мария Шопингі»), П.Я Чаадаевтың («Философиялық хаттары»), Н.В. Гогольдің («Достармен жазысқан хаттардан тандалған үзінділері»), В.Г. Белинскийдің әйгілі «Н.В. Гогольге хаты» мен Ф.М. Достоевскийдің «Бейшаралар» романы осы жанр түрлерінің бастауында тұрған еді.

*«Ғажап өмір кешіп ек,
Сағынам сол жылдарды.
Тағдыр шіркін есіркеп,
Тұтас туған ұлдарды».*

Ғафу ҚАЙЫРБЕКОВ

Қайсар! Сенің деректі прозадағы табысың ретінде Сырбай мен Ғафу туралы мемуарлық-хроника хикаяттарын жазу мәнерің мен баяндау шеберлігінің көп жәйттарын аңғартады. Бұл екі туынды күнделік түрінде жазылса да, Сырағаңның мүшелтойына келу сапарынан бастай отырып, ақынның өмір жолына, ел мен жерге деген шексіз махаббаты мен мархабатын әдемі штрихтармен бергенің оқырман көкейінде оқылып та, тоқылып та қалады. Соның өзінде ежелгі Торғай тарихы мен ақын өмірбаянындағы елеулі оқиғалардың астасуын атап көрсетер едім. Сол той үстінде талайдан ағалы-інілі болып, қазақ әдебиетінде қол ұстасып, қосарлана ел құрметіне бөленген айтулы ақындардың достығы туралы жүрекжарды әдемі лебізді Ғафудың аузынан есту де ғанибет! Ол былай дейді: «Міне, биыл аттай 47 жыл. Қырық жеті жыл жай туғаның да, жолдасың да бірге жасай бермейді. Ал ақындық қызметте, өнерде былай «ишай» деспей, іні болса құрметпен, аға болса ақ тілекпен жалғасып, намысқа бірге шабысып, қиын жерде табысып, тізелесіп кеткенде абыройды бірге алысып, арамызға жаққан оттан күймей аман қалысып, қырық жеті жыл бірге өмір сүріп келе жатқан қосарлықты, егіздікті — Сырағаң екеуіміздің еншілес, Құдай берген сыбағамыз, бақытымыз демеске болмайды. Бұл бір — аяулы да қимас сезімге толы шындық. Мұны мен айтпағанда кім айтады, қатты тебіреніп айтуға толық хақым бар». Бұл осынша жылдар бойы телқозыдай тең өсіп, елдің даңқын қоса асырысқан жыр әлемінің қос жұлдызының бірінің жүрекжарды сөзі болатын. Той күндеріндегі дастарқан басында да, Ақкөлдiң толқынды самалында да, Тосынның құмында да мұндай жылы лебіздер, толайым толғаулар аз айтылмаған еді.

Тағы бірде ұлан-ғайыр той үстінде ақын ініміз Серікбай Оспанов:

*Берілген жоқ бағасы,
Әлі талай жырланар.*

*Жеті бала анасы —
Ардақты Ана Күнжамал!*

*Көзінде күн тұрғандай,
Өшпесе екен бұл жанар.
Асыл, ардақ, Сырбайдай
Ақын жары Күнжамал!*

*Шуағы өпсін әр күннің,
Өзен болсын жылғалар.
Ахметтің — алтынның,
Сынығы бұл Күнжамал! —*

деп жыр жолдарын арнаса, Қайсар, сен былай дейсін: «Бұл Күнжамал Сырағаңмен қатар жүргенде қазақтың да, былайғы халықтың да небір жайсаңдарымен жүздесіп, кейбіреулерімен бір дастарқаннан дәм татысып, етене араласып кеткен күндерін бүгіндері сағынышпен еске алады.

Сәбит Мұқанов, Ғабиден Мұстафин, Ғабит Мүсірепов, Сейітжан Омаров, Ғали Орманов сынды қазақ әдебиетінің марқасқаларының отбасыларымен сыйласа білген, тағдырына дән риза. Ұлы Мұхаңның ақыл-кеңесін естіп, тәрбиесін сезінген тәлімді шақтар санасынан өшер ме? Бәрі өткен түстей болғанымен, бүгінгі шекті өміріне араласып, бағыт-бағдар беретін рухани күшке айналғаны қандай ғанибет?! Әрқалай жағдайда ол кісілерді есіне алса болды, тынысы ашылып, арқасы кеңіп сала береді. Бейне бір жанынан қалмайтын жебеушілері іспеттес. Кезінде сол отағасылардың бөріне сүйікті келін бола біліпті, сол отаналарға абысын-ажындай біте қайнасқаны да қандай жарастық еді?!» — деп, сенің бүгінде өмірден озған аға-жеңгеннің алыста қалған абзал қасиеттері мен асыл бейнелерін әдемі, көркем кестелегенің көңілге қонады...

* * *

*Сен менің өз сүйегім, нағашымсың,
Қазақсың, қара шаңырақ алашымсың.
Өтейден өрт боп туған бауырым ең,
Сол отың жүзге дейін жана тұрсын, —*

деп өзіне өлең арнаған арқалы ақын Ғафу туралы жазбаларында да ағыл-тегіл төкпе жыр сүлейінің бар болмысын көз алдымызға келтіргеніне ризашылық білдіремін.

Бұл жолы Ғафаң қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар, талантты ақын Шәміл Мұхамеджановтың 60 жылдығына орай атамекенге ат ізін салған болатын. Сондықтан да әңгіменің уәжін Шәміл туралы лебіздерінен бастады: «Құдай салдының» кісісі еді, айналайын. Қолымда өсті, қызметте карауымда істеді, жалғыз ауыз сөз айтып маған да, өзгеге де суық караған кезін көргем жоқ. Әулие ақын болып ақ қой, бірақ адамдық, кісілік сүйкімділік керек қой. Жұрт өлген соң да, тірліктегі мінезін, қадірінмен сыйлайды ғой. Мәселе — тірі күйінде қадірлі болуында! Шәміл бауырым нақ сондай асылдан еді-ау!» — деп өмірден озған аяулы інісі туралы жүрекжарды ойларын толқып отырып айтты. Ақын тойына Ғафу сол інісінің қазақ әдебиетіне қосқан айтарлықтай үлесін бүгінгі ұрпақтарға таныстыра келгенін де жасыра алмады. Туған өлкеге сол даланың дарқан талантты перзентінің өлмес-өшпес бейнесін тағы бір уағыздай келген Ғафаңның бұл уәзипалы пікірі еді. Ғафаң осылайша ел азаматтарын, жанына жақын жандарды еске алып, әманда олардың рухтарын асқақтатып, ел дегенде ет жүрегі елжіреп тұратын азамат ақын болатын.

Оның сонау бір жылдары Торғай облысы екі рет жабылып, екі рет ашылғандағы елдің мұңын жоқтап, ел еңсесін көтергендегі реніш-қуанышына да куәгер болғандардың бірі сен болатынсың, Қайсар! «Ол — елім деп еңіреп жүретін ыстық қайрат иесі һәм туған жерінің жоқтаушысы Ғафу Қайырбековтің «Егемен Қазақстан» газетінде «Арқалық мұңы» деп аталған мақаласының жариялануы болды. Сол-ақ екен, іркіліп қалған пікір-ойлар, ұсыныстар легі тасқын судай қарқынмен жөңкіліп берсін. Айтқандарының бәрі бір арнаға тоғысады: облыс қайта қалпына келтірілуі керек! Жедеғабыл бастамашыл топ құрылып, іске кірісіп кетті. Оның мүшелері ештеңеден тайынатын түрі жоқ, Орталық Комитеттегілердің өзіне Ғафаңның әлгі мақаласын жалаулатып ұстап барып, батыл талап қойып сөйлейді. Тек, бір қызығы, кезінде облыс басшылығының маңында болған кейбір шенеуніктер ғана жасқана сөйлеп, жалтарып, бұл мәселеге онша араласа қоймады. Сөйтсе, кейін белгілі болғандай, ол қорқау бүгежектер астана маңынан лауазымы жоғарылау қызмет табылып қалар ма екен деп, өз қамы үшін халқын сатып кетіп жүргендер екен ғой. Осы оқиғаның алдына озыңқырап ой толғайтын болсақ, облыс қайта ашылғаннан кейін әлгі бұқпантайлар баяғы майлы шелпек Торғайына қайта сұранып келіп, беделді орынтақтарға лып

етіп жайғаса қойды... Олардың осындай сорақылықтарын естігенде Ғафаң: «Елімнің неге тоз-тоз болғанын енді ұқтым», — деп қатты налыпты».

Сол бір тұстарда:

*Қайтейін қызғыш болмай сен үшін мен,
Қайғыңмен, қуанышың, жеңісіңмен.
Сен менің өмірімсің тегісімен,
Қанысың жүректегі тебісімен, —*

деген өлең жолдарында ақын туған еліне деген қан қызуы мен жан жылуын арнаған еді. Мұның бәрі тарих болатын. Осы тарихты келер ұрпаққа есте қаларлықтай етіп жазған, Қайсар, сенің де қаламыңның шапағаты әлі талай жандарға тиер деп ойлаймын.

Автордың Ғафаң туралы «Жыр-ғұмыр» хикаятында ақынның үрім-бұтағы, оның әкесі Сәрсенбай жөніндегі ел адамдарының естеліктерін сен жақсы пайдалана білгенсің. Бұл — шығарманың шырайын келтіретін сюжеттік желілер. Осы орайда Ғазез қажының әсерлі әнгімесінің арқауында кейін Ғафаң дастан да жазған екен. Мұндай шежірелі де шешен жолдар, естен кетпес естеліктер сарыны бұл күнделіктерде аз емес. Сен мына жолдарды жазған екенсің: «...адуын ақын Есенжол Жанұзақұлының жиенімін деп, он төрт жасының өзінде төкпе ақынның мұрасына қаныққан соң разылығын былай білдіруі жас періні әлдебір күштің дүлейі ұршықша үйіргенінен бастау алған шығар.

*...Болмаса жалғыз сөзі қуанатын,
Дүниеге не бітіре туады ақын?
Жатпаса жыр бұлағы еркін құлап,
Жаныңның жапырағын суаратын, —*

деген ағынды сөз, құйма ұйқастарды бозбала ауызына Құдай салмаса, құйын салмайтын шығар?! Ғафаңның он төрт жасында айтқан осы бір ауыз сөзі Есенжолдай атақты ақынның мұрасын аспандатып-ақ тұрған жоқ па?! Аталастар ғана емес, жырдың ақ алмастарының өзі осындай бір деммен біте қайнасып кетеді екен-ау!» — дегенде, сенің жазушылық шеберлігінде ақын ағаларыңның жыр өлкесіндегі табыстары ғана емес, сонымен бірге тарихи тамырлары терендегі ел аузындағы айта жүрерлік деректер мен дәйектерге де қанығатынымыз бар.

*«Әділ сөз қалмас құптаусыз,
Қиянат кетпес тоқтаусыз.
Күндердің күні болғанда,
Міржақып қалмас жоқтаусыз».*

Файзолла САТЫБАЛДЫҰЛЫ

Сөзіне нені арқау етсе де Сырағаң алдымен Ақкөл мен Ахаңнан бастайды.

«Ақкөлдің Ызбан жақ бетінде Байтөт деп аталатын жарлауыт тұсы бар, — деді ол қара көзілдірігімен арғы бетке шұқшиып қадалғандай болып. — Оның тура арғы тұсы Кәйдек жары аталады. Осының бәрі Үмбетей балаларының, Ахметтің аға-аталарының есімдерімен айтылады. Демек, Ақкөл мен Ахмет егіз ұғым, оны Құдай айырмаса, ешкім ажырата алмайды», — деп тарихтың тарауларын таратып бір отырады. Сондықтан да сен былай деп жазған едің: «Сырағаң халқының аяулы ұлдары Ахаң мен Жақаң бастаған алаш азаматтары ақталғаннан кейін бес жылдай ғана өмір сүрді. Өкінішті-ақ. Ол өмірден озарын сезгендей, Алаш арыстары туралы асыға, аптыға жазды. Бейне бір ойындағысын айтып үлгере алмайтындай, сырқаты мендеген уақытын аямай жұмсады. Тәңірі жарылқап, айтарын жырларында айтып кетті».

Сырағаңның сондай жырларының бірі «Рахмет карель халқына» деп аталып, ол ардақты Жақаңның қабірін 57 жыл қастерлеп сақтаған елге арналған еді.

Сол ұлы арыстарымызды тәуелсіздік алған, сонау бір қытымыр заманның ғадауатынан ақтап алған сәттен бастап Алаш ардақтысы Міржақып Дулатовтың Сосновецтегі мүрдесін ақынның туған топырағына — Торғай жеріне жеткізу экспедициясына Марат Әпсемет екеуің қатысып, елдің аманатын арқалап, абыроймен атқарған, сөйтіп Жақаңның туған-туысқандары мен бүкіл қазақ халқының ақ алғысын алған осы кезде сен былай деп жазған едің: «Еңбекші Қазақстанда» істеген М. Дулатұлы нағашымның жолымен тағдыр мені сол кісінің тума газеті «Егеменді Қазақстан» шаңырағына әкеліпті. Енді өзін жоқтап үлкен мақсатпен жолға шығып бара жатырмыз. Бұл оқиға күллі журналистік ғұмырымның, бәлкім, биік белесіне айналар-ау!..»

Сол сапарыңның баянды болғанын әрқашан да мақтаныш етеміз. Оның барлық тарихын сен өзіңнің «Міржақыптың оралуы»

«Возвращения из небытия» деген қазақ-орыс тіліндегі хикаятында емен-жарқын баян еттің. Жазушы ретінде әдеби күнделікте Карелия жеріне алғаш табандарың тиген сәттен бастап бір кезде қапаста болып, талай тауқымет тартқан Жақанның Сосновецтегі өмірінен алғашқы деректерді тірнектей жинап, ұлы бабамыз сондағы басынан кешкен оқиғаларға көзі тірі куәгерлерді тауып, сұхбаттасудың сәті түскен. Соның бірі – Сосновец кенті Кеңесінің төрайымы Светлана Васильевна Фролова көп мағлұматтар алуға ниет еткен.

«Осындағы Выг өзені жағасында тұрып, оның Балтық-Ақ теңіз каналы қиылысындағы Міржақыптардың лазареті тұрған дөңбекетке Марат әкеліп көрсеткен кезде: «Осы жерге тұтқындарды топырлатып көміпті», – деді.

Тас жолмен, кеспелтек плиталар төселген жолмен әрі өрлеп, 14-шлюз арасына асыла салынған ағаш көпірді тамашаладық. Төменгі қойнауындағы баракты өртегенде содан қашып, сол көпірдің үстінен құлап өлгендерді таңғы сағат 5-те көрген Міржақыптың жүрегі ауырған ғой... Қазақтың данышпаны жүрген жерде болу, бір жағынан мақтаныш сезімін туғызса, екінші жағынан аяныш халге түсіреді, егілдіреді жан-жүректі. Беу, қилы заман-ай!» – деп өткен күндердің тарихынан елес бересің. Бір қуаныш, бір өкініштің авторлық пайымдауы да бар. Тұтқында жүрген Жақанның елге деген сағынышпен зарығуы мен тұтқындағы өзі сияқты бейкүнә адамдарды емдеп, қайырымдылық жасап, бәрінің құрметіне бөленуі, қанша дегенмен оның қайтыс болған кезінде осы елдің халқының марқұмды қара жер қойнауына қастерлеп тапсыруы, құлпытас орнатып, құрметтеуі зор мақтаныш сезіміне бөлейді. Жазушының әдеби күнделікте осындай әсерлерді оқырманға жеткізе отырып, ұлы тұлғаның қиын-қыстау кезде де азаматтық асқақтыққа толы бейнесін бүгінгі ұрпақтарымызға жеткізе білгеніне тәнті боламыз.

Осында сен Жақанның көзі тірі ұрпағы Гүлнәр апайдан бастап оның ет жақын тума-туыстары туралы, Ахаң мен Жақана байланысты тарихи және деректі дәйектер келтіре отырып, оның Алаш ардақтысы атану жолының талай танымдық бел-белестерін келтіргенсің.

Бұл орайда сенің 6 бөлімнен тұратын осы хикаят-сапарнама жазбаларыңның, оқырманды өзіне тартар жазушылық машығыңның астарына зер сала оқу керек. Күнделіктер түрінде жазылған хикаяттың бастауындағы Жақанды көзі көргендер мен замандастарынан естіп-білген, әсіресе Жақанның қызы Гүлнәр апайдың әкесі туралы ойлары осы туындының беташары іспетті әсер қалдырып,

оның толғаныстары мен «Міржақып әлемі» эссесінің оқырмандарды тарта түсетін желісіндегі тың деректерге еріксіз ере түсетініміз тағы да бар. Дулат әулетінің баршасын таратып, әрқайсысы туралы бізге біраз мағлұмат беретін көнекөздердің, тағы басқаларының Міржақып төңірегін тарихтан тарту төркініне үңілсеңіз талай сырлар шертіледі. Мадияр аталарының Құлжұмырынан шығаратын Сауытбайдан — Қайырлап пен Қасымбек туады. Сол Қасымбек Қайсардың анасы Бодай шешеміздің әкесі болады да, Міржақып біздің туған нағашымыз ғой дейді. Бұл деректер де танымдық һәм тарихи мәні бар дәйектемелер. Сонда Сабыр ағанның шежіре тарихын шерте келіп айтқан мына бір лебізі еске түседі: «Міржақыпты жазар болсаң, оның ақын, жазушы, ғалым, қайраткер екендігін барша ғалам жақсы біледі, сен оның өзгеге беймәлім жағын жаз. Ол туған өлкеде сен де тудың. Көзбен көргенің бар, естігенің бар, дөп басып айт, шындықтан аттап кетпе. Ұлы кісілер жөніндегі әрбір дерек алтыннан қымбат қой», — дегені бар.

Қайсар, сен ағанның осы сөздерін мұқият есінде ұстапсың. Жазушы көркем шығармада да елдің аузындағы, жеке дара тұлғалардың өз заманындағы естеліктері арқылы өзі қалап алған тақырыбын қызықты желіге құрып, оқушыны әманда тартып отыруымен ерекше шеберлігін танытады. Бұл тұрғысында аталған хикаятта Жақаң мен Ахаң туралы осындай мол мағлұматтарды оңтайлы да орайлы пайдалана білгенсің. Мұны оқырманды ойландырып, шығарманың арқауын ширатып отыратын жақсы әдеби тәсіл деу де керек. Хикаятта Алаштың айтулы екі тарланы туралы, олардың достығы жайлы деректер де аз емес. Автор соның бір жарқын мысалын Ахаңның інісіне айтқан мына бір назынан байқатады:

*Азырақ құлағың сал, ақын інім,
Ойымыз, рухымыз жақын інім.
Ағалық правосын қолыма алып,
Келемін айтайын деп ақыл, інім.*

Бұл жолдардан іш тартқан жақын жанның ізетті лебізі аңғарылады.

Өткен 2010 жыл Міржақыптың туғанына 125 жыл толған айтулы жыл болды. Осыған орай сен «Егеменде» бірқатар толғанысқа толы соны туындыларыңды жарияладың.

Солардың бірі — «Қазағын оятып, ойлантқан!» деп аталатын, Жақаңның өз халқының мұң-мұқтажын жоқтап, сонау заманда

Әлихан мен Ахметпен тізе қосып, әйгілі «Қазақ» газетінің шаңырағын көтеріп, талай уәзипалы да уәжді пікірлерін паш еткен еңбектерін терең танып, талдап, таразылап, зерттеп, зерделеп бердің. Оларда Жақанның елі мен жері, тілі мен ділі, туған халқының хал-ахуалы туралы өзекжарды ойлары орайын тапқан. Ол патша заманының бұратана халықтарға жасаған қиястығы мен қиямпұрыс саясатының жымысқылық астарларына пайыммен зер салады. Сен: «Міржакып күдікпен шошынтып, ақылмен сабырға шақырып ой тастайды. Халықтың өсіп, жердің өспеуі һәм тозуы, қазақ жері патша мүлкі саналып, сол себепті миллиондап жерсіз мұжықты үкіметтің қазақ жеріне қондыруы, бұл тілеусіз қонақтар келе бастағаннан бері жер тарылып, атамекеннен ірге қозғалып қазақ шаруасының күйзелуі, 15-20 жылдан бері бұл көшпелі мұжықтардың келіп бірігуінің ұшы көрінбеуі неліктен?! Бұлай болғанда, енді аз жылда қазақ халқы ең жаман жерге сорлап қалып, ақырында титықтап бітуі ықтимал дегенді және қосып қояды. Сактандырады. Сараптай білуге шақырады... Жер! Жер! Жер! М. Дулатов жүрегінің дүрсілі осы. Тепкіленіп, алқынып соғады», — деп жаздың.

Халқы үшін отқа да, суға да түсіп, өз басын қатерге тіккен, Алаштың аймандай ардагер ұлының осы бір ұлық сөзінің, «Оян, қазақ!» деп даланы да, дараны да дүр сілкіндірген ұран сөзінің ұлағатын тағы да сезгендейсің.

Бір ғана «Сана қайда?!», «Қайтсек жұрт боламыз?» деп аталатын мақалаларында халқымыз арман еткен бостандықты көздің қарашығындай сақтау жолында ел-жұртқа арнаған аманат сөздерінің шындығы бүгінде тәуелсіздікке жеткен біздің замандастарымыздың көкейіндегі ойларымен орайласып жатқан жоқ па?! Ол өзінің замандастарына: «Талас-тартысты қойындар! Алда тұрған зор істерге қамданындар! Ынтымаққа қайтындар! Жұртты ойландар!» деген. «Ауыл тілінде» жарияланған «Қазақ тілінің мұңы» деп аталатын мақаласынан бастап ана тілінің талай уақыттан қордаланған проблемаларына тоқталған: «Мен заманында қандай едім? Мен ақын, шешен, тілмар бабаларының бұлбұлдай сайраған тілі едім. Мөлдір судай таза едім. Жарға соққан толқындай екпінді едім. Мен наркескендей өткір едім. Енді қандаймын? Кірленіп барамын, былғанып барамын. Жасыдым, мұқалдым. Мен не көрмедім?.. Оның үстіне қазақ тілі мемлекеттік тіл болсын деген заң шықты. Төбем көкке төрт елі жетпеді. Бірақ, не керегі бар, босқа қуанған екенмін», — дейді.

«Ал сен былай деп жазасың: «Тәйір-ай! Тіл тағдырының айнакәтесіз қайталануын қараңызшы! Қазіргі тәуелсіздік заманымызда

да қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болып отыр емес пе? Иә, ана тілінің нағыз жанашыры, ұлттың ертеңін етене тілімен біте қайнатып, болашағын болжай білген данагөй, зиялы М. Дулатовтың қайбір сөйлегені де бүгінгінің бүйрегін бүлкілдетіп жататындай. Кешеден бүгінге келіп, жарықтықтың елесі кезіп, бәрін қолымен қойып, қазақ тіліне деген асқан құрметін жан-жүрегімен білдіріп жүргендей ме? Иә, иә...» Жақанның түсінігінше: «...енді мемлекет законнан бастап, ауылный комитеттердің ісіне шейін, жазу әр халықтың өз тілінде болу керек... Сүйекке сіңген ескі дерттен құтыла алмай, бұл күнге шейін орыстан хатшы алып отырған болыстар бар, мұның атын өшіріп, енді орысшалауды ұмыту керек деп Міржақып төте міндет қояды». Ал біздің бүгінгі болмысымызда тілмаштарды алға тартып отырған әкім-қаралар аудармашылар ұстауын ұмытуы керек-ақ қой!

Гүлнәр Міржақыпқызының 95 жасқа толуына орай «Тоқсан бесте жасым бар...» деген тақырыпта апаймен сұхбатыңның қалың оқырмандар үшін шоқтығы биік жарияланым болғанын айтуым керек. Автор сұхбат дегенмен де, оқушы бұл туындының әдеби деңгейіне зер салар болса, оның көркемдігі мен автордың көкірек көзімен баяндау машығы, ой-орамдары оқырманның есінде жатталып та, хатталып та қалады. Қайсар, сен Жақанның өмірі мен қоғамдық қызметінің, отбасындағы кісілігі мен азаматтық парасат-пайымын жақсы штрихтар арқылы, Гүлнәр апайдың сырлары арқылы әдемі әдіптегенсің. Соның бәрінде өзің ынта қойып, ықылас танытқан сауалдарыңа жауап аласың. Ұзын-сонар әңгіменің бір ғана сәтін тілге тиек етейін. Осында заман зауалымен, пендешілікпен ағаттық жіберген ұлы тұлғалардың жаңсақ басып, жалтақтық танытқан сәттерін суыртпақтай отырғанда Гүлнәр апайдың былай дейтіні бар: «...Мынадай жанымды қарыған жайтты айтып берсем ұрпақ дұрыс түсінер... Алматы паркінің бірінде... ту сыртымнан естілген: «Гүлнәр, сенбісің?» деген дауысқа жалт қарасам, алдымда Мұхтар Әуезов тұр екен. Ағаның ұсынған қолын алып сәлемдестім. Мұхтар аға баяғы бала кезімдегідей бетімнен сүймеді, оны көңіліме алғаным жоқ, бойжеткендерді сүймейтін болар деп ойладым. Көрмегеніме 5-6 жылдай уақыт өтіпті. Отызыншы жылдары ұсталып, түрмеде отырғанын білетін едім, босап шыққанын естіген емеспін. Өзінің сұрауы бойынша хал-жайымды аңқылдап айтып келемін. Бір кезде ол, менің бетіме тура қарамас-тан, қарлығыңқы, булыққан дауыспен жайлап қана: «Қарағым Гүлнәр, енді келешекте кездескенімізде бір-бірімізбен танитын

кісілерше амандасып, сөйлеспейтін болайық» дегенін естігенімде, денеме суық су құйғандай, өне бойым мұздап, қалшылдап, шошып кетсем керек...

— Сол сөз жүрегіңізде өмір бойы шемен боп қатып қалды ма әлде жібіді ме екен?..

— Жібіген! Әттен, бірақ, ұлы жазушы дүниеден аттанып кеткен соң... Тірісінде өзі жібіткісі келген! Ұлының ұлылығы да иіле білуінен көрінсе керек. Иә, есімде, қалай ұмытайын, 1947 жылдың жазы еді. Көше бойында бетпе-бет ұшырасып қалған Мұхтар ағамды елемегенсіп кетпек боп едім, сұңғыла кісі өзі тоқтатты. «Аз ғана кідір, кешір, жаным!» деді ол үні дірілдеп. «Кезінде басқа түскен пендешілік адамға не істетпейді, ауыздан шыққан сөз ұшқан құс тәрізді, ұстай алмайсың. Өткенге салауат, сені көрмегелі талай жылдар өтті. Жақаңның, Гая (шешесі Ғайнижамал), Алтайдың (інісі) арты қайырлы болсын, өзің аман бол, сондарында қалған жалғыз көзісің ғой» деп көңіл айтты. Именіңкіреп көздеріне қарасам, жас іркіліп қалыпты... Тағы да ескертемін, ұлы Мұхтар ағаны да түсінуге болады. Басына нақақтан үйірілген қара бұлттан қорғалақтауы — табиғилық! Әбден жүнжіп, зәрезап болған бір байғұстың: «Мені қашан қамауға аласыңдар?» деп «үш қаріпке» қоңырау шалғанын да естігенбіз. Сол залым саясатпен сипатталатын заманнан не күтуге болар еді-ау!» — деген пайымында үлкен парықтылықтың, кешірімділіктің алау оты лапылдап-ақ тұрған жоқ па?! Сол себепті де Гүлнәр апай үлкен жүрек иесі ретінде: «Бұл мысалда ешкімді де тұқыртуға болмас... Заман ызғырығы да. Бас сауғалау емес, ұлтының келешек ырыздығы үшін жасалған «шартты» да шарасыз қадам деп ұғыңыздар», — деуінің өзі осы пікірімізді дәлелдеп отыр. Осы бір шағын ғана деректің өн бойында, андап қарар болсаңыз, адам табиғатының талай сырлары аңғарылады.

Егер сен алдағы уақытта Алаш ардақтылары, соның ішінде Ахан мен Жақаң туралы кесек шығарма жазар болсаң, осы бір штрихтың өзі көп жайтты меңзейтін сияқты.

Қайсар, сенің Алаш арыстары туралы тұтас сериялы еңбектерінде мұндай көркем көмкерілген уәждер аз ұшыраспайды. Соның бәрінде де олардың өз халқы үшін өмірдің қиямет-қайым қиындықтарынан өткен аға ұрпақтың аянышты да абыройлы жолдары сайрап жатыр. Сондықтан да сенің сонау Карелияда жерленген Жақаңның мүрдесін туған топыраққа жеткізу экспедициясына қатысуың қазақ халқы алдындағы азаматтық парызың мен қарызыңды өтеу деп кәміл айтуымызға болады.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі Алаш арыстарына қатысты мақалалар топтамаларын әлі де жазумен келесің. Содан бері Ақан мен Жақанның мұражайлары мен кесенелері бой көтерді. Өткендегі нарық заманының қыспағында Жақан кесенесі орнаған, түгін түетіп отырған шағын ауылдан табан аудармай отырған отбасыларының ұлы адамның шырақшыларындай болғаны бәрімізді қуантады.

Алаштың қос арысына республика тарапынан да қамқорлық аз болып отырған жоқ. Олардың шығармаларының көптомдықтары жарық көріп, Жангелдин ауданында әдеби-мемориалдық мұражайлары ашылып, мектептер мен көшелерге есімдері берілді. Белгілі тарихшыларымыз бен әдебиетшілеріміздің іргелі зерттеу еңбектері жарияланды. Біз соған да шүкір дейміз.

Дегенмен, Алаш көсемдеріне деген құрметіміз бұдан да гөрі өрелі болуы керек еді деген де ойлар айтылып қалып жүр. Мұның Алаш партиясының алдағы 100 жылдық мерекесі қарсаңында зор тарихи маңызы бар. Біріншіден, біздің еліміздің тәуелсіздігінің басты бағдар-бағдарламасының негізін сол өздерінің заманында-ақ қалаған Алаш қозғалысының идеяларын дәйектеп, оған ресми түрде тұғырлы саяси баға беретін уақыт жетті. Бұған Алаш көсемдерінің саяси және әдеби еңбектерінің ұлы мұраттары айқын дәлел бола алады. Ол үшін іргелі ғылыми-зерттеу орталығын құру, оған жас ғалымдардың күш-жігерін жұмылдыру қажет. Бұл орайда Алаш көсемдері Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Мұстафа Шоқай мен Міржақып Дулатовтың және тағы басқаларының әлі де болса терең зерттелмей отырған, әсіресе, шетелдердегі мұрағаттарда жатқан еңбектерін айналымға қосу керек.

Екіншіден, осы мерейлі мереке қарсаңында бүгінгі Қазақстанның әлем таныған Астанасында жоғарыда аттары аталған Алаштың төрт көсемінің тұғырлы ескерткіштері мен басқа да қайраткерлерінің бюстерін орната отырып, халқымыз бен сырттан келген меймандар үшін зиярат ететін «Алаш арыстары» аллеясының іргетасын қалау олардың рухтары алдындағы бүгінгі ұрпақтарының естен кетпес ескерткіші болар еді...

* * *

Қайсар! Сенің көптомдық шығармалар жинақтарында Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, жазушылыққа өзің секілді газеттің ұлағатты мектебінен келген

қарымды қаламгер Әзілхан Нұршайықовпен табаны күректей 35 жыл бойы хаттасуларыңа «Махаббат жыршысы» кітабыңның желі болғанын атап өтуім керек. Ең алғашқы рет 1975 жылдың 2 мамырында жазған хатыңнан бастау алған хаттасуларыңыздың, ұзаққа созылған аралас-құраластық, ағалы-інілік іңкәрлікке толы хаттар сырын осы кітапты толық оқып ойға да қаласың. Мұның өзі жай хаттасу емес, одан қаламы төселген талантты жазушының, темірқанат жас қаламгерге деген ағаның ақыл-кеңестері, әдебиет туралы ойлары мен жазушылық өнерге келудің қиын да қызғылықты жайттарына қанығасыз. Кезінде қазақтың талантты жазушысы Мұқан Иманжановтың (ұлағатты ұстазы туралы Әзаған «Қаламгер және оның достары» деген эпистолярлық роман жазған) шапағатымен үлкен өнердің есігін ашқан қаламгердің Қайсар сияқты талапты жастың өзіне бағыштаған хаттарына алтын уақытын сарп етуінің өзі оның азаматтық та адами болмысын танытады.

Әзағанның жазушылық ғұмырынан сабақ алу ниетімен суыртпақтай қойылған талай сауалдарыңда Қайсар өзінің қаламгерлік жолында тәлімгер болған жазушының әдеби зертханасына шым-шымдап үңіле отырып оқырманды хабардар етуі, хаттасулардың мазмұны мен сырласулары сөз зергерінің өмір жолымен, тәлім аларлық тәжірибесімен үндесіп жатады. Әзаған өзінің жастық өмірін еске алғанда, сол шақтағы алғашқы махаббаты туралы жазғанда сіздің көз алдыңызға осыдан 40 жыл бұрын жазылған «Махаббат, қызық мол жылдар» романының естен кетпес оқиғалары мен кейіпкерлерінің жарқын бейнесі көз алдыңызға келеді. Ал өзінің жауынгерлік жолы туралы сыр шерткенде Кеңес Одағының Батыры, даңқты Бауыржан Момышұлы туралы «Ақиқат пен аңыз» романдиалогында соғыстың соқпақты жолдары мен қан майданда арыстандай арпалысқан қаһарман ұрпақтың бар болмысы жазушылық шеберлікпен баяндалады.

Оқырмандар тамсана оқыған «Махаббат, қызық мол жылдар» романының жалғасындай болған Әзағанның жан жары, өмірлік әрі әдеби серігі, әрі қолғанаты, аяулы жеңгеміз Халима туралы лирикалық һәм мұнды естеліктер талай сұхбаттың тақырыбы, талай оқырмандармен кездесулердегі қызықты әңгімелердің арқауына айналып, оқырмандардың жылы лебізіне лайық бірегей туынды болды.

Сен бір хатыңда: «Мұнды мақамдарды отбасының ортасында оқып бердім... Халима апайға арнап ақ өлеңмен жазылған бұл сағыныш сарындарыңызда біраз тақырып қамтылған, ең бастысы Адам тағдыры шыншылдықпен өрілген. Мен айтар едім, бұл

мақамдар — Халима апай туралы естелік жыр; тәлім-тәрбиелік жыр; жарға адалдық жыр екен...

Мұңды мақамдардағы мына бір түйіндер сапалық көркемдігімен өте сәтті шығыпты:

— *Махаббат деген не? — десе:*

— *Әйелдің өзі! — дер едім.*

— *Ләззат деген не? — десе:*

— *Әйелдің сөзі! — дер едім.*

— *Ең күшті нәрсе не? — десе:*

— *Әйелдің өмірі! — дер едім. —*

Әйелдердің барлығын

Жердегі тәңірі, — дер едім», —

деген жазушының сөз маржанын төгілтіп, философиялық ой түйгенін сен әдеби сарапқа салу арқылы өзіңнің білімің мен біліктіңді айқын көрсетіп отырсың.

Сондықтан да бұл шығармаларға кезінде еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаев та жоғары бағасын берген болатын.

Жазушының бұл афоризмдері — оның шығармаларының шынайы болмысын көрсететін ақиқаттар. Сондықтан да, Қайсар, қажырлы қаламгердің рухани мұрасынан өнеге алуың, сөз жоқ, сені жазушылық мұратыңа жеткізді деп ойлаймын.

Мұрат дегеннен шығады, кез келген қаламгердің жазушылық жолы қиын да азапты екенін баршасы жақсы біледі. Сенің шығармаларыңмен танысу барысында жалпы қаламгер шеберлігі туралы мынадай тоқтамға келуге болар еді.

Қайсар, көркем туындының қай жанрында болмасын, оның табиғатына сай, әңгіме ме, күнделік пе, сұхбат па, хикаят немесе новелла ма — соның бәрінде шығарманың сюжеттік желісі мен баяндау тәсілін игеріп, ең бастысы әдеби тілдің майын тамыза жазасың. Көбінде қысқа да нұсқа жазу, соның өзінде айтар ойы мен тілдік ұстынын ретімен қолдана отырып тастай қалайтының бар! Осы орайда мен өзіңнің асыл анаңа арнаған бір әңгіменді ғана тілге тиек етейін. Ол — «Қара кемпір». Көлемі шағын болғанымен автордың оқырманға айтар ойлары сізді әп дегеннен-ақ өзіне тартып, үйіріп алады. Ауру мендеп төсек тартып, мәңгілік мекеніне бет түзеген Қара кемпір мен оның төсегі жанында күтім жасап, бәйек болған абысыны: «Өзге балалары бір төбе, сүт кенжесін бір төбе санап жатыр ғой абысын. Сапары кіріп келер ме еді қазір, — деп уақыт мүжіген шүйкедей кемпір ұйып қалған аяғын созыңқырап

отырды. Катпарлы қабақтың қалтарысынан шық жылтырағандай жүзі солыққы, ұрты суалып кеткен. — Абысын қызық адам еді ғой. Сауын фермасында бөлен жыл бел бүкпей бірге жүрдік емес пе? Бір қабақ шытқанын көрдім бе? Сүт ашып кетеді деп өгіз қамытын мойнымызға ілгізген де осы жарықтық еді», — деп ананың өткен күндерінен елес береді...

«Пердені сырындаршы, теректерді көрейін! Сүт кенжем отырғызған терек еді!» Арғы жағын айта алмады. Тілі байланған. «Адам қатарына қосқандай едім, көргені жоқ деп ешкім айтпас. Соны медеу тұтып кетіп барам. Сапаржанымның көзі түсер сен, терек, сәлемімді жеткізе көр!» «Жазда келсе менің алақаным болып жапырағыңмен маңдайынан сипарсың...» демекші еді... Соңғы бір лебізін мына отырғандардың құлағына құйып кеткісі келгендей, жан дәрмен күйде үздік-создық былай деді естілер-естілмес қана:

— Сүт ке-е-ен-жем неге к-кешік-ті?...» Өлер алдында ет бауыры — баласын бір көруді армандаған шерменді кейуананың соңғы аманатын жазушының оқушыға осылайша жеткізуі кім-кімді де бейжай қалдырмаса керек.

Жалпы Қайсардың әдеби тілі аса бай. Оның кейіпкерлерінің диалогтары мен монологтарының шұрайлы мақамдары оқырманның мерейін өсіреді. Жазушының «Алакөздей ат қайда?..» атты эссе-хикаятындағы (Алакөз — Міржақыптың аты) сәйгүлікті суреттеуіндегі мына бір жолдардың қуатын андаңызшы: «Иесін көріп тарпынып, танаулап, бүкіл денесін дүр сіліккен текежәуміт тұқымдас жирен қасқа Алакөзі лезде жуасып қалды. Алты жастан енді асқан, түгі жылтыраған бестінің тұла бойы күштен жарылардай боп көрінетін. Тырсиған сауырынан сипалап, буланған тұмсығынан бірер жеңіл қағып қойды. Жанары қандай жануардың?! Мөп-мөлдір. Қарасы аз, аласы көп. Сонысына қарай атауы да келіскен сыңайлы — Алакөз! Тығыршық денесі, төгіле күлтеленген жалы, қою құйрығы мен жұмыр аяқтары бірыңғай жирен түсті. Жұрттың жаппай: «Нағыз жирен қасқа Алакөз!» — деп тамсанатындай жөні бар». Мұны ежелден малсақ қазақтың жылқының келбетін, Абай атасынан ғибрат ала отырып, мүсіндейтін әдебиеттегі небір тамаша теңеулердің қатарына қосар едік.

Қайсардың қаламынан туған қай шығармасында да Торғайдың тамаша жазығындағы туған қоныс — Ғафаң Қызкерімен армансыз аралап жырлаған атақты Қызбел тауының, Сарықопаның алтын бунақ қамысы, Тасқұдықтың балды бармақ шәрбаты, Шұбардың жазиралы жайлау жақұты.

Қайсар, сенің қиялына — азық, қаламыңа — қазық болып, тамылжыған табиғат суреттеріне айналған. Оқығанда тіл үйіріп тамсанатын, көкейіңе қона кететін жазушыға тән тамаша тіркестер, көркем көмкерілген көсем сөздер сенің қай шығармаңа да тән, етене шеберлік пен шешендік сипатты болып келеді. Сенің Чернобыль қаһарманы Л. Телятниковтың ерлігін паш ететін «Мәңгілік шер», тағдыр талайымен жол апатынан жарымжан болған, сонысына қарамай қаламың қару еткен ауыл тілшісі, «Торғайдың Маресьеві» атанған марқұм Қалиасқар Түктібаев туралы жазылған «Мықшеге» хикаяттарыңды, Алтын Жұлдызды қостанайлық даңқты дикандар Ж. Демеев пен К. Дөненбаева, Торғайдың түлектері, мемлекет және қоғам қайраткерлері: ұлағатты ұстазымыз, Қазақ мемлекеттік университетінің ректоры болған Асқар Закарин, ел басқарған абзал азамат Мұқатай Жұрмұханбетов, академик Сәбит Байзақов туралы портреттер топтамаларыңды, Қазақстанның халық әртісі Әнуар Боранбаев туралы «Сейілмейтін мұң» хикаятыңды оқырмандар сүйсіне әрі түйсіне оқыды.

Сен «Егемен Қазақстан» газетінің тапсырмасымен ресми делегациялар құрамында талай шетелдерге — Францияға, Қытайға, Кореяға сапар шегіп, жол-жөнекей очерктерді де үсті-үстіне жазып, елді де, жат жұрттарды да оқырмандарға таныта білдің.

Қайсар, сенің осы газеттің қабырғасында сіңірген еңбектеріңнің елеулі бір кезеңі Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың бастама-сымен Арқа төрінде шаңырақ көтерген жаңа Астананың іргесі қаланған сәттен оның өркен жайып, мәуелі шаңырағының әр күні мен айларының, жылдарының шежіресін жазуыңды ерекше атап өтуім ләзім. Соның бір мысалы, Алаштың айнасына айналған Астананың 10 жылдығына арналған «Елорда» кітабындағы «Айдын мен айбын» көсемсөзінде былай деп шалқыдың: «Тәуелсіздік! Атабаба арманы орындалды. Қазақ елі бостан! Бақыты мен бағы еді алдан аңсап тосқан. Ержүрек халықтың арманы мен аңсарын талайлы тағдыры бір арнаға қосқан. Сүйіншіледік. Тойладық. Ойладық. Бәрібір тәуелсіздік қызығына тоймадық... Дәл Еуразияның кіндігі мен жүрегіндегі байтақ Сарыарқа төсіне ел астанасы қоныс аударды. Бұл қуаныш қазақ жүрегін мәңгілік баурады...

Ұлы да көркем көш! Жер жаннаты Жетісудан аттанып, сағымды Сарыарқаға аптығып жеткен салқар көш. «Ер игісі ел жүгін көтереді» демекші, мыңжылдықтар тоғысы таянған сәтте ғасыр перзенті Нұрсұлтан Назарбаев осындай асыл ойын орындады. Жаныңнан кешпей жеңбек жоқ. Бәрін жұдырықтай жүрегінің сүзгісінен өткізе

біліпті. Жетті жеңіске!» – деп ағыннан жарыла, ағыл-тегіл сөз маржанын төккен едің.

Қайсар, сенің өміріңнің өркенді көші Елің мен Жеріңнің ХХІ ғасырға – Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығына аяқ басқан керуен көшіне ілесіп, Алпыстың асқарына – қаламыңның жеңісті де жемісті кезеңіне аттады. Осы орайда сен өзіннің өмірлік серігің, қарашаңырақтың ошағын маздатып, берекесін келтірген жан жарыңа өз шығармаларыңның 7-томына арнауыңда: «Күндеріміз де еңкейер... Махаббат, қызық дәурен де басымыздан ақ жамылғыдай сырғып бір түсер... Бірақ, Сен – бес баламның анасы, Алтын, бұл фәниде көңілімді бір шегермеген асыл жар, ұрпағыңа Таңшолпан болып жарқырай берерсің...» – деген екенсің.

Күндеріңіз еңкейсе, бірің – Отағасы болып, бірің – Отанасы болып бейнеттің зейнетін көрген шақтарыңда балаларың мен немерешөберелеріңнің қызығын көруге жазсын!

Әрқашан ағалап, аңқылдап алдымнан шығатын қарымды қаламгер інім Қайсар, өзіңе әманда шығармашылық табыстар тілейтін ағаң –

***Мырзабай КЕҢБЕЙІЛ,**
әдебиетші-журналист,
Қазақ баспасөзінің ардагері*

2011 жыл

Бірінші бөлім

**Зиялылыр
зердесі**

АЛАКӨЗДЕЙ АТ ҚАЙДА?..

1925 жылдың саржағал күзі. Міржақыптың отбасы Қызылордаға қоныс аударған. Анау-мынау емес, жаңа астана ғой. Десе де шаһар сұсы сырттан келгендерді бірден серпілте қоюы екіталай еді. Сарғайып, жел жұлмалап, түтілген жүндей аяқ астындағы қобыраған ағаш жапырақтары онсыз да көші-қоннын аласапыранынан жүдеуленген көңілді құлазытып жібергендей. Қала түсі сұрқай. Еңсені қорғасындай басады. Орынбормен жылап көрісетіндей, сірә. Қырыққа бірер айдан соң толатын өзі түгілі, он жасар Гүлнәрі жаңа жерді жатсынып, тымыраяды, қабағын ашпай қояды. Есіл-дерті ескі жұртқа ауып, сәби сезіммен егіліп, күйгелектенеді. Ұйқысы да сергек, міне, Алакөз атын ерттеп, өзі істейтін «Еңбекші қазақ» газетінің редакциясына бару қамымен жүр еді, қасынан екі елі шықпай қойды.

— Әке, түсте келемісің?

— Жоқ, жұмыс көп, шырағым.

— Алакөз ашығып қалмай ма? Мені ала кетші, жем беруге жараймын ғой, — деп қиылды қызы.

Осы кезде сенек жақтан Ғайнижамал шығып, бері таман сөйлей жақындады:

— Әкеннің басын қатырма, жазуы көп бүгін, — деді Гүлнәрінің қайтпас мінезін жұмсартпақ ниетпен еміреніп. — Күнде апара бере ме, ол жақта да жемші жетеді.

Гүлнәр өтінішін сап тыйып, жалт берді де, жүгіре жөнелді.

Ат ерттеуді жаны сүйеді. Жасынан көндіккен ісі. Ертеректе қандай бір сапарға шығарда да үлкендер жағы: «Аттарды Міржақып ерттесін», — деп сенімділікпен қолқа салатынын ойлап, туған Торғайы көзіне және бір сағымданып елестеп, сағынышқа елти түссін. Сол бала күнгі машығымен тап қазір де аңсай табысқандай. Иесін көріп тарпынып, танаулап, бүкіл денесін дүр

сіліккен текежәуміт тұқымдас жирен қасқа Алакөзі лезде жуасып қалды. Алты жастан енді асқан, түгі жылтыраған бестінің тұла бойы күштен жарылардай боп көрінетін. Тырсиған сауырынан сипалап, буланған тұмсығынан бірер жеңіл қағып қойды. Жанары қандай жануардың?! Мөп-мөлдір. Қарасы аз, аласы көп. Сонысына қарай атауы да келіскен сынайлы – Алакөз! Тығыршық денесі, төгіле күлтеленген жалы, қою құйрығы мен жұмыр аяқтары бірынғай жирен түсті. Жұрттың жаппай: «Нағыз жирен қасқа Алакөз!» – деп тамсанатындай жөні бар.

Құранды ерді қолына ұстауы мұң екен, Алакөз сауырын икемдеп, оңтайланып тұрды. Ерді арқасына лезде қондырып, оның алдыңғы, артқы қасын қос қолымен нығырлай басып, үзеңгілікті тарта жатқызды. Төс, шап айылын да жұлқи бекітіп, құйысқаны мен өмілдірігін жөндемге келтірді. Ауыздығын сылп еткізіп, күтірлете салып, жүгеннің тізгінін ат кекілінен асыра серпіп, ердің алдыңғы қасына ілді. Сол-ақ екен, өзі лып етіп ат үстіне қона кетсін. Иіле еңкейіп, көз ашымда сөреде тұрған дорбаны баса мытты. Түскі тамғы да...

«Еңбекші қазақтың» редакциясы әудем жерде, шамасы 5-6 шақырым. Міржақыптың Қызылордада көшін түсіргені Ерғали Қасымов төренің үйі болатын. Садовая көшесінің 7-үйі еді (*кейін Селиверстов 17. Қазіргі атауы беймәлім – К. Ә.*). Екі бөлік үйдің бір жағында А. Байтұрсыновтың отбасы тұрады. Жақан көршілес, асыл ағасы Аханның қаңтарулы тұратын фаэтоны көзіне шалынбағасын: «Бүгін жұмысына өте ерте кеткен-ау, шамасы», – деп болжады.

Редакцияға үнемі атпен бара бермейтін. Жанбырлы, лайсаң күндері ғана Алакөзіне ер салады. Бүгінгі күн райын терезеден байқап, салтқа бекінген. Кейде жауын-шашын тұтасып, 2-3 күнге созыларын байқағанда Ахан: «Маған ілесе салсайшы», – деп күймесіне отырғыза кететін.

Алакөздің бір артықшылығы – су төгілмес жорға болатын. Оның «биі» бойды балбыратып, ой тербегенде, нағыз жұмаққа сай боп елестер. Қай-қайдағыны есіне елеп түсірер. Міржақып затында жеңіл-желпі, ұшпа ой ойлаудан аулақ қой. Жазғанын саралайды, екшейді. Нәтижесі қандай? Пайдасы қаншалықты? Жазбағын байыптайды. Халқының көзін аша алар ма? Заман ағысы сырын дөп басар ма? Ашпаса, соның кілтін тауып көрсе ше? Қолында, шүкір, біршама тетік бар. Соның қыбын тауып кәдеге жаратса. Газет мінбері – халықпен тілдесудің таптырмас